

Мемлекет басшысы Қазақстандағы сейсмикалық қауіптілік және жер сілкіністерін болжау мәселелері бойынша қойған міндеттерді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 2 наурыздағы N 43-ө Өкімі Мемлекет басшысы 2005 жылғы 7 қарашадағы кеңесте Қазақстандағы сейсмикалық қауіптілік және жер сілкіністерін болжау мәселелері бойынша қойған міндеттерді іске асыру мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстандағы сейсмикалық қауіптілік және жер сілкіністерін болжау мәселелері бойынша Мемлекет басшысы қойған міндеттерді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдардың басшылары, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, сондай-ақ өзге де мүдделі мемлекеттік ұйымдар Жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрі Ш.Қ.Құлмахановқа жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2006 жылғы 2 наурыздағы

N 43-ө өкімімен бекітілген

Мемлекет басшысы Қазақстандағы сейсмикалық қауіптілік және жер сілкіністерін болжау мәселелері бойынша қойған міндеттерді іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

Р/с N	Іс-шаралар	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орын- далу мерзі- мі
1	2	3	4	5
1.	Табиғи және техногендік сипаттағы күшті жер сілкіністерін болжау проблемаларына, оларды болжаудың тиімді әдістерін әзірлей отырып, оның ішінде жерді ғарыштық қашықтықтан зондылау мүмкіндіктерін пайдалана отырып, жаңа	ТЖМ - ға ұсыныс*	БҒМ (жинақтау), ЭМРМ	

теориялық көзқарас-
тар негізінде қазіргі
заманғы геодинамика-
лық және сейсмикалық
процестер заңдылықта-
рының іргелі және
қолданбалы зерттеуле-
рін одан ары дамытуды
қамтамасыз ету

2006

				жылғы сәуір
2.	Сейсмикалық қауіптілік катерін дұрыс бағалау және негізделген құрылыс саясатын жүргізу үшін 2007-2009 жылдары республиканың облыстарын сейсмикалық аудандарға егжей-тегжейлі бөлу және қалалары мен басқа елді мекендерді сейсмикалық шағын аудандарға бөлу карталарын жасау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу	БҒМ-ның бұйрығы	БҒМ (жинақтау), ИСМ, Алматы қаласының, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері	2006 жылғы мамыр
3.	Күшті жер сілкіністерінің қауіпі туралы халықты жедел құлақтандырудың автоматтандырылған жүйесін құру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу	БҒМ мен ТЖМ-ның бірлескен бұйрығы	БҒМ (жинақтау), ТЖМ, ЭМРМ, ККМ, МАСМ, АБА, Алматы қаласының, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері	2006 жылғы маусым
4.	Сейсмологиялық қадағалаулардың және жер сілкіністерін болжаудың республикалық жүйесін жаңғыртуды, техникалық дамытуды, бағдарламалық-математикалық және ақпараттық қолдауды қамтамасыз ету, республиканың сейсмикалық қауіпті өңірлерінде, оның ішінде мұнай-газ өндіру аудандарында жоғары технологиялы қазіргі заманғы цифрлық аппаратурамен және байланыс құралдарымен, басқа елдердің ықпалдастырылған ұқсас жүйелерімен	ТЖМ -ға ұсыныс*	БҒМ (жинақтау), ЭМРМ, ТЖМ, АБА	

жаратандырылған
сейсмологиялық стан-
циялар мен қадағалау
пункттерін құру

2006

				жылғы сәуір
5.	Астана қаласында сейсмологиялық деректерді жинаудың және өңдеудің қайталама орталығын құру мәселесін пысықтау	ТЖМ - ға ұсыныс*	БҒМ (жинақтау), ЭМРМ, ТЖМ, Астана қаласының әкімі	2006 жылғы сәуір
6.	Сейсмология саласындағы халықаралық ынтымақтастықты одан әрі дамытуды қамтамасыз ету, мамандандырылған шетелдік ұйымдармен жер сілкіністерін қысқа мерзімді болжаудың әдістерін жасау жөнінде кеңінен тәжірибе алмасуды, қазіргі заманғы жабыдықтарды, цифрлық аппаратуралар мен байланыс құралдарын әлемдік жетекші өндірушілермен тығыз байланыс ұйымдастыру	ТЖМ - ға ақпарат	БҒМ (жинақтау), ЭМРМ, СІМ, ИСМ, АБА	жыл сайын, 5 қаңтар
7.	Авариялық-құтқару қызметтері күштерінің, Азаматтық қорғаныс құралымдары мен инженерлік қорғаудың мамандандырылған жасақтарының материалдық-техникалық базасы мен штат санын нығайту, олардың қиратушы жер сілкіністері жағдайында іс-қимылдарға дайындығын қамтамасыз ету	ТЖМ - ға ұсыныс*	Қорғанысмині, ПМ, ККМ, ДСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	2006 жылғы мамыр
8.	Күштердің құрамы мен құралдарын айқындау, мыналарды көздей отырып, республиканың әрбір сейсмикалық қауіпті өңірінде қиратушы жер сілкіністеріне дайындық және ден қою жоспарларына түзету жүргізу: 1) көшіру пункттерінің, ұтқыр медицина-	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс	ТЖМ (жинақтау), Қорғанысмині, ПМ, ДСМ, ККМ, ЭМРМ, ИСМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері	

лық госпитальдердің,
шатырлы лагерьлер мен
зардап шеккендерді
орналастыруға арнал-
ған стационарлық пункттердің жеткілік-
ті санын құру;
2) авариялық құтқа-
ру жұмыстарын орындау
учаскелерін дәл
айқындай және осы
мақсаттар үшін барлық
қолда бар темір жол
станциялары мен
тұйықтарды, әуежайлар
мен әуеайлақтарды
жұмылдыра отырып,
еліміздің басқа өңір-
лерінен табиғат апаты
аймағына күштерді
эшелондап енгізу

				жылғы маусым
9.	Халықты, барлық деңгейдегі басшыларды мамандандырылған орталықтарда, дайындық курстарында және оқу орындарында жер сілкіністері жағдайындағы іс-қимылдардың ережесі мен тәртібіне үйретудің жеткілікті деңгейін, б ұ қ а р а л ы қ ақпарат құралдары арқылы осы саладағы білімді насихаттауды қамтамасыз ету	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ТЖМ (жинақтау), БҒМ, МАСМ, орталық атқарушы органдар, Алматы қаласының, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері	жыл сайын, 15 ақпан
10.	Зардап шеккендерге уақтылы және, ең алдымен, жарақат алушылық және урологиялық сипаттағы толық медициналық көмек көрсетуге мүмкіндік беретін қазіргі заманғы техникамен және апаратурамен жарактандырылған мамандандырылған жылжымалы госпитальдерді республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен құру жөнінде ұсыныс енгізу	ТЖМ - ға ұсыныс*	ДСМ (жинақтау), облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, ТЖМ	2006 жылғы сәуір
11.	Тұрғын үйлерді, ғимараттар мен құрылыстарды зерттеу және сейсмикалық күшейту жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған өңірлік бағдарламалар әзірлеу	Алматы қаласының, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстары әкімдерінің,	Алматы қаласының, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері	

				жылғы маусым
12.	Сейсмикалық қауіпті аймақтардағы объектілерді жобалаудың және салудың жай-күйіне талдау жүргізу және осы саладағы қызметті жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізу	ТЖМ-ға ұсыныс, Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ИСМ (жинақтау), Алматы қаласының, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері	2007 жылғы 5 қаңтар

Е с к е р т п е :

* - осы Іс-шаралар жоспарының 1, 4, 5, 10-тармақтарында көзделген іс-шаралар бойынша ұсыныстарды жауапты мемлекеттік орган әзірленетін Төтенше жағдайлардың алдын алудың және жоюдың 2007-2015 жиындарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жобасына енгізу үшін Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне, 7-тармақ бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуі қажет

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

МАСМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Қорғанысмині - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі

ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар

м и н и с т р л і г і

АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі